

«Биология» пәні бойынша Ұлттық бірыңғай тестілеуге арналған
тест спецификациясы
(2026 жылдан бастап қолдану үшін)

Тест мақсаты: Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына қабылдау мақсатында түсушілердің дайындық деңгейлерін анықтау.

Тест міндеті: Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында білім алуды жалғастыру үшін биология пәнінен білімді меңгеру деңгейін бағалау.

Тест мазмұны:

Тест мазмұны мемлекеттік жалпыға міндетті орта білім беру стандарттарының (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген) талаптарына сәйкес биология пәні бойынша негізгі материалдарды қамтиды.

№	Бөлім	№	Тақырып
01	Тірі ағзалардың көптүрлілігі, құрылымы мен қызметтері. Ағза мен қоршаған орта	01	Тірі ағзалардың көптүрлілігі. Биосфера, экожүйе, популяция. Адам қызметінің қоршаған ортаға әсері
		02	Қоректену
		03	Заттардың тасымалдануы
		04	Тыныс алу
		05	Бөліп шығару
		06	Қозғалыс. Биофизика
		07	Координация және реттелу
02	Көбею, тұқым қуалаушылық, өзгергіштік. Эволюциялық даму	08	Көбею. Өсу және даму
		09	Жасушалық айналым. Жасушалық биология
		10	Тұқым қуалаушылық пен өзгергіштік заңдылықтары. Селекция негіздері. Эволюциялық даму
03	Қолданбалы кіріктірілген ғылымдар	11	Молекулалық биология мен биохимия
		12	Микробиология және биотехнология. Биомедицина және биоинформатика

Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы:

Тесттегі тест тапсырмаларының қиындығы үш деңгейде берілген: базалық деңгейде (А) – 50 %, орташа деңгейде В – 30 %, жоғары деңгейде С – 20 %.

Базалық деңгейдегі тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

Орташа деңгейдегі тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

Жоғары деңгейдегі тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

Тесттегі тест тапсырмаларының саны:

Тест биология пәні бойынша 40 тест тапсырмасынан тұрады. Оның ішінде:

- 25 бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмасы;
- 5 бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмасынан тұратын 1 контекст;
- 5 бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмасы;
- 5 сәйкестікті анықтауға арналған тест тапсырмасы бар.

Тапсырмалар мазмұнының сипаттамасы:

Тест мазмұны биология курсының барлық негізгі бөлімдері бойынша тапсырмаларды қамтиды. Тест тапсырмалары базалық биологиялық құзіреттіліктерді тексеруге, негізгі білім мен дағдыларды жаңғыртуға, биологиялық модельдерді түсіндіруге, басқа пәндерді оқуда және күнделікті өмірдегі биологиялық білім мен дағдыларды тексеруге бағытталған.

Тест тапсырмасын орындау уақыты: тест тапсырмасының орындалу уақытының орташа ұзақтығы – 2 минутты құрайды.

Жеке тест тапсырмаларының орындалуын бағалау: тест тапсырмаларының жауаптарын бағалау Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу Қағидаларының 18-тармағына (ҚР БҒМ 2017 жылғы 2 мамырдағы №204 бұйрығымен бекітілген) сәйкес жүзеге асырылады.

Ұсынылатын әдебиеттер: Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігімен бекітілген «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың және оқу-әдістемелік кешендердің тізбесі».